

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа-жыл»

Өткізген: Ә.Ж.Хайруллина.

2023-2024 жыл

Жаңа жыл

Мақсаты: Жаңа жыл мерекесіне байланысты ән, тақпақ, би үйрету.
Жаңа жыл кейіпкерлермен таңыстыру, ойындарды ойнатқызу, мерекеге қызығушылық тудыру. Мейірімділікке, адамгершілікке баулу.

Кейіпкерлер:

Тәрбиеші-жүргізуші, Аяз ата, Ақшақар, ұлу, қоян,
(Балалар көңілді әуенімен залға кіріп, жартылай шеңберге тұрады)

Жүргізуші: Жаңа жыл келді міне жерімізге,
Әкелсін құт береке елімізге
Жақсылықпен қуаныш жылы болып
Қиындық жолатпасын бәрімізге

Құрметті балалар, жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Бүгінгі жаңа жыл ертеңгілігіне қош келдіңіздер! (бәрі шапалақтайды) (Ұлу мен қоян кіреді)

Қоян: Қуанышты ортамыз сазға ұласқан, тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2023 жылы қадам басқан, гүлденіп көркейе бер, Қазақстан!

Қоян: Мен қоян жылы сендерді Жаңа жылмен құттықтауға келдім,
қоштасуға келдім

Жүргізуші: Балалар қоян жылына рахметін айтайықшы.

Бәрі: Рахмет саған қоян жылы

Жаңа жыл: Мен жаңа жыл ұлумын

Жақсылыққа бөлеймін, тыныштықты тілеймін! Сәлеметсіңдер ме балалар!
Сендердің көптен күткен жаңа жылдарың – Ұлу жылы мен боламын!

Қоян: Келесі жыл бастауын Ұлуға беремін. (сиқырлы таяқты ұлуға береді)

Барлығы: Қош бол, қоян жылы! (қоян кетеді)

Балалар біздің ортамызға кім жетіспей тұр? Аяз ата ақшақар

Аяз ата Ақшақар Аяз ата Ақшақар (Бәрі хормен айқайлап шақырады)

Әдемі вальс ойнап залға айналып Аяз атамен Ақшақар кіреді.

Аяз ата:

Уа, халайық жиналған.

Көңілдерің дүр маржан

Айналайын ұлдардан

Айналайын қыздардан

Аяз ата, Ақшақар

Жетті жолдан қиналған

Ақшақар: Жүзімізде - қуаныш, әр көңілде - жаңа үміт.

Келе жатқан Жаңа Жыл, әкелсін көп жақсылақ!

Жаңа Жылдарың құтты болсын!

Жаңа Жыл барлықтарыңа күміс күлкі әкелсін!

Жүргізуші: Шетімізден шеберміз, Аяз ата, Ақшақар өзіңізге

Тақпақ айтып береміз

Лилия

Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай сұлу шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

Батыр

Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда, жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр.

Айя

Тамаша тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Альдияр

Дала нұр, қала нұр

Құтты болсын жаңа жыл

Жасыл шырша жанында,

Билеп барлық бала жүр.

Ясина

Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей

Нұр жинаған ажары

Сағындық аяз атаны.

Ерке

Мол сыйлықпен келер ол

Шырқатып ән салар ем.

Жылдамырақ келсе екен

Бізге сыйлық берсе екен.

Даяна

Қыстың күні көңілді
Көп қызықты көреміз
Шығып алып далаға
Сырғанақты тебеміз.

Заһир

Көрдiңбе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы
Аппақ екен мұртыда
Аппақ екен шапаны.

Муслим

Даламызға қаламызға
Жаңа жыл келіп кіреді.
Қартыңызға жалпыңызға
Жалынды сәлем береді.

Нұрайым

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңашыр
Ата әже, әке ана
Құтты болсын жаңа жыл.

Әйгерім

Саламыз би билеп.
Жырдан шашу шашамыз.
Бүгін біздің жаңа жыл
Қандай қызық көңілді.

Аяла

Кең пейілді мол мейілді
Сағынышпен табысқан.
О алақай, аяз ата
Келе жатыр алыстан.

Нұрислам

Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.

Ислам

Бізбен бірге ойнайды,
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты,
Болса екен деп ойлайды.

Хамзат

Кең пейілді мол мейілді
Сағынышпен табысқан.
О алақай, аяз ата
Келе жатыр алыстан

Іңкәрім

Жаңа жыл, жаңа жыл
Төгілсін жаңа нұр
Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне, жаңа жыл.

Оркестр Хрустальный қыздарға

Оркестр Ұлдарға

Би: «Робот»

Жүргізуші: Балалар, Аяз ата мен Ақшақарға рахметімізді айтайық.
Жүргізуші: Балалар, Аяз ата мен Ақшақарға арнап ән айтайықшы

Ән: «Шырша жыры»

Аяз ата: Ал, немерем, Ақшақар, балалармен қоштасайық.
Біздің әлі баратын жерлеріміз бар.
Сау болындар, балалар!

Ақшақар: Сау болындар! Келесі жылда кездескенше!

Балалар: Сау болыңыз!

Жүргізуші:

Келді міне Жаңа жыл, саған әзір Жаңа жыл.
Елге табыс, жақсылық, ала келші Жаңа жыл!
Жаңа жылдарыңызбен!

Құрметті қонақтар, балалар! Осымен жаңа жылдық думанды кешіміз аяқталды. Сау болыңыздар!